

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

ДӘРІС КЕШЕНІ

Мамандық: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

Оқу түрі: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі: 1 жыл 6 ай

Циклдар мен пәндер индексі АП 13

Курс: 2

Семестр: 3

Пән: «Курстық жұмысты орындау»

ONȚŪSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 2 беті

Кафедра мәжілісінде каралды және бекітілді.

№ 1 хаттама. «27» 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі  Серикова Б. Д.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 3 беті

№1 дәріс

1. **Тақырыбы:** Кіріспе. Тақырыпты таңдау, бекіту.
2. **Мақсаты:** Студенттерге дипломдық жұмыс туралы түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

- Дипломдық жұмыс туралы жалпы түсінік.
- Дипломдық жұмысты ұйымдастыру.
- Тақырып таңдау.

Дипломдық жұмысты орындауды ұйымдастыруды нақты және уақытылы жоспарлау оның сапасы мен сәтті қорғалуына өз әсерін тигізеді. Дипломдық жұмысты жазу кезіндегі негізгі аспектілер - оның тақырыбын таңдау және күнтізбелік жоспар бойынша оны орындаумен қатар, жұмысты көркемдеу талаптарымен танысу.

Дипломдық жұмыстың тақырыбы сәйкес кафедралар мәжілісінде бекітілген тақырыптар тізімінен таңдалады. Студентке диплом жұмысының тақырыбы диплом жұмысы қорғалатын оқу жылының басында анықталып, ректордың бұйрығымен бекітіледі. Дипломдық жұмыстарды жазу тәжірибесі жұмыс тақырыбын таңдауға арнайы әдебиет көздерін алдын-ала зерттеу, тәжірибе өту орнында жұмыс істейтін мамандармен, кафедра оқытушылармен кеңесу басты ықпал ететінін көрсетеді. Дипломдық жұмысты жазу үрдісі, яғни оны дайындау, орындау және қорғау, өзара байланысты бірнеше кезеңдерден тұрады:

- тақырыпты таңдау (өтініш);
- зерттеу мәселесі бойынша әдебиет көздерін таңдау;
- ғылыми жетекшіні тағайындау;
- дипломдық жұмысты жазу кезіндегі ұйымдастырушылық құжаттарды дайындау (тапсырмалар, күнтізбелік жоспар кестесі);
- дипломдық жұмысты жазу және көркемдеу талаптарымен танысу;
- іріктеліп алынған әдебиет көздерін ғылыми тұрғыдан жинақтап қорыту және зерттеудің теориялық тарауын мазмұндау;
- диплом алдындағы тәжірибе өту барысында жиналған талдаулық мәліметтерді қолдану;
- зерттеудің конструктивтік тарауын дайындау (зерттеу мәселесі бойынша ұсыныстар);
- белгіленген талаптарға сәйкес жұмысты безендіру;
- дипломдық жұмысты қорғау күнінен бір ай бұрын ғылыми жетекшіден жұмыс жайлы пікір алу;
- дипломдық жұмысты қорғау күнінен бір ай бұрын ғылыми жетекшінің пікірі бар жұмысты кафедраға ұсыну;
- кафедра менгерушісінің жұмысты қорғауға рұқсаты берілгеннен кейін қорғау күнінен екі апта бұрын сыртқы рецензентке дипломдық жұмысты жіберу және жазбаша түрдегі рецензия алу;
- қорғауға шығарылатын мәліметтерді кесте және сурет түрінде көркемдеп, баяндама жазу;
- мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында жұмысты қорғау.

Жұмыстың тақырыбы студенттің теориялық біліміне, ғылыми қызығушылықтарына және диплом алдындағы тәжірибені өту орнына немесе жұмыс орнына (сырттай және кешкі бөлім студенттері үшін) байланысты таңдалады. Сонымен қатар студентке жұмыс тақырыбының өз нұсқасын ұсыну құқығы беріледі (тақырыпты ашуда жеткілікті теориялық және тәжірибелік мәліметтер болып, кафедра менгерушісі рұқсат берген жағдайда). Мұндай жағдайда студент таңдаған тақырыбының негіздері дәлелденген тұжырымдамасын немесе осы тақырыпқа тапсырыс берген мекеменің хатын кафедраға тапсыруы керек.

Сырттай бөлімде оқушыға диплом жұмысын (жобаны) өндірістік қажеттілікке сәйкес таңдап алуына рұқсат беріледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 4 беті

Дипломдық жұмысты жазу үшін бітіруші кафедра ұсынысымен әрбір студентке ғылыми жетекші тағайындалады.

Дипломдық жұмыстың тақырыптары кафедра мәжілісінде бекітіледі. Тақырыпты таңдаған кезде оның өзектілігін, қаншалықты дәрежеде зерттелгенін, студенттің тәжірибелік мағұлматтарды жинаудағы жеке қызығушылықтарын ескеру қажет. Әдебиеттерді таңдау барысында бірден іріктеліп алынған басылымдардың библиографиялық тізілімін құрастыру қажет.

Ғылыми жетекшімен жұмыстың тақырыбын келісіп таңдағаннан кейін студент кафедра меңгерушісінің атына осы тақырыпта жұмыс жазу үшін рұқсат алу мақсатымен өтініш жазады (Қосымша А). Диплом алдындағы тәжірибені өту орнына және студенттің өтінішіне сәйкес кафедра студенттерге тақырыптарды және ғылыми жетекшілерді бекіту туралы шешім қабылдап, оны университет бойынша бұйрықпен бекітуге ұсынады.

Дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдау және бекіту

Дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдау кезінде студент дипломдық жұмысты жазу мен қорғаудың негізгі мақсаты – зерттелетін мәселелерді шешу бойынша теориялық білімнің, дағдылардың, шеберліктің тәжірибеде жүзеге асырылуын көрсету екендігін ұғынуы қажет. Дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдау өндірістік тәжірибенің мазмұны, іс жүзінде қолда бар материал, ғылыми жетекшінің кеңесі мен оқу тамамдаушы түлек – студенттің өзінің қалауы ескеріле отырып жүзеге асады.

Дипломдық жұмыс тақырыптары кафедрада бекітіліп жыл сайын жаңартылып отырады.

Дипломдық жұмыс тақырыптары кафедрада бекітілген тізіммен шектелмейді, студент өзінің жеке қызығушылығы бойынша қосымша зерттеу тақырыбын ұсынуы мүмкін, бірақ ұсынылған тақырыптың мамандандыру талаптарына сәйкес және тәжірибелік маңыздылығы болуы шарт. Сырттай бөлімде оқитын студенттерге дипломдық жұмыстың тақырыбын өз қызметінің өндірістік қажеттілігімен байланыстыруға рұқсат етіледі.

Бір академиялық топта немесе топтың бір бөлігінде оқитын екі немесе одан да көп студенттерге бірдей тақырыпта дипломдық жұмысты орындауға рұқсат етілмейді.

Дипломдық жұмыс тақырыбын бекіту үшін студент таңдалып алынған тақырыптың атауы мен ғылыми жетекшісін көрсетіп түлектерді шығаратын кафедраға өтініш жазады.

Студенттердің дипломдық жұмыс тақырыбын бекіту үшін жазған өтініштерін кафедра қарап бекітеді. Кафедраның шығарған шешімінің негізінде институт бойынша әрбір студенттің таңдаған тақырыбын бекіту және ғылыми жетекші мен рецензентті (сыртқы) тағайындау туралы ЕАГИ ректорының Бұйрығы немесе институт деканының өкімі шығады.

Бұйрықта: студенттің тегі мен аты-жөні; дипломдық жұмыстың нақты атауы; ғылыми жетекшінің тегі мен инициалдары және дипломдық жұмыстың рецензентін тағайындау туралы бұйрық, олардың ғылыми дәрежелері мен атақтары, лауазымы мен жұмыс орны көрсетілуі тиіс.

4.Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5.Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

Дипломдық жұмыс дегеніміз не?

Дипломдық жұмысқа тақырып қалай таңдалады?

№2 дәріс

1. Тақырыбы: Тақырыптың өзектілігі.

2. Мақсаты: Студенттерге тақырыптың өзектілігі маңызды екендігін түсіндіру.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 5 беті

3. Дәріс тезистері:

- Дипломдық жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі.
- Дипломдық жұмыс тақырыбының көкейтестілігі.

Дипломдық зерттеу жұмысының өзектілігі: қазіргі таңда шығармашыл, яғни креативті жеке тұлғаны қажетсінудің өсуімен анықталады. Қазіргі жағдайда білім рөлінің өскендігі соншалық, ол қоғамның дамуына әсер ететін басты конструктивті фактор болып отыр. Бұл сөзсіз, оқытудың тиімді технологияларын жасаудың, жетілдірудің мықты стимулы қызметін атқарады.

Жоғарғы оқу орындарында жеке адамдардың шығармашыл, креативтілік жағынан дамуы үшін жағдай жасау Қазақстандағы білім беру жүйесінде маңызды міндеттердің бірі әрі негізгісі болып отыр.

Дипломдық жұмыс тақырыбының (өзектілігі) көкейтестілігі, шешілетін ғылыми проблеманы бағалауды қамтуы тиіс, сондай-ақ дипломдық зерттелімнің мақсаты, міндеттері, объектісі және пәні, дипломдық жұмысты жазудың теориялық және әдіснамалық негізі мен практикалық базасы келтірілуі тиіс.

Кез-келген тақырыптың *өзектілігі*, зерттеудің объекті мен пәнін бөліп көрсету, көбінесе мәселенің ғылыми зерттелуіне байланысты болып келеді. Кіріспеде нақтылы проблема бойынша ғылыми еңбектерге қысқаша шолу жасау қажет. Ол, авторға аталған тақырып бойынша елдің қаржы жүйесінің дамуы үшін маңызды мәнге ие екеніне тұжырым мен қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Дипломант өзінің зерттеуінде объект пен пәнін қарастыру керек. Объект – «зерделеу үшін таңдалған және проблемалық жағдайларды тудыратын үдері немесе құбылыс. Пән – ол объектінің шеңберінде қарастырылады».

Дипломдық жұмыстың мақсаты мен міндеттерді тұжырымдай отырып, бұл категориялардың арасында дұрыс және дәл ара қатынасын ұстаған жөн. Мақсат – нақты зерттеу қызметтің басты болжамды және қалаулы нәтижесі болып табылады, ал міндеттері – оның аралық және жеке кезеңдерін анықтайды. Міндеттерді тұжырымдауға ерекше көңіл аудару керек, өйткені олардың мәнісі, біріншіден, дипломдық жұмыстың атауы мен бөлімдердің (тараулардың) мазмұнын құрады және екіншіден, белгілі дәрежеде зерттелімнің негізгі теориялық түйіндері мен практикалық ұсыныстарға себепші болады.

Шығармашылығы жоғары, ойлауы терең адамзатты тәрбиелеу, өзін-өзі тану сияқты өзекті мәселелер қазіргі күннің басты міндеттері болып отыр.

4. Көрнекі материалдар:

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

Дипломдық жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі қаншалықты маңызды?

№3 дәріс

1. **Тақырыбы:** Дипломдық жұмысты орындауға ғылыми жетекшілік.

2. **Мақсаты:** Студенттерге дипломдық жұмысты орындауға ғылыми жетекшілікті түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

- Дипломдық жұмысқа ғылыми жетекшілік ету.

Мейіргер ісі кафедрасының ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамынан дипломдық жұмыстарға ғылыми жетекшілер тағайындалады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 6 беті

Қажетті жағдайларда ғылыми жетекшінің ұсынысы бойынша жекелеген мәселелер бойынша кеңес берушілер шақырылады. Кеңес берушілер ретінде институттың басқа кафедраларының немесе басқа жоғары оқу орындарының оқытушылары және практик мамандар болуы мүмкін.

Студент дипломдық жұмысының тақырыбын бекіткеннен кейін ғылыми жетекші оған жалпы сипаттағы кеңестер береді, олар: нормативтік құқықтық актілермен, арнайы әдебиеттермен және басқа да ақпарат көздерімен жұмыс жүргізу тәртібі, дипломдық жұмыс Мазмұнын, яғни Кіріспенің, оның жекелеген бөлімдерінің, Қорытындының жалпы мазмұнын құрастыру, жұмыстың мәтінін басу мен орналастыру тәртібі, пайдаланылған қайнар көздер тізімін рәсімдеу және т.б. мәселелер бойынша ақпараттар береді.

Ғылыми жетекші жұмыс жоспары мен дипломдық жұмыстың бөлімдерін негіздеуге қатысудан басқа:

- дипломдық жұмысты дайындауға тікелей және жүйелі түрде жетекшілік етеді;
- дипломдық жұмыстың жекелеген тарауларын дайындығы шегінде оқып тексереді;
- студентке материалдың мазмұны, мазмұндау кезектілігі, жинау, жариялау, жүйелеу және нақты тәжірибелік материалдың әдістемелік құрылымы бойынша кеңестер береді;
- орын алған сұрақтарды студентпен бірге талқылайды, қосымша әдебиеттер мен жаңадан қабылданған нормативтік құқықтық актілерді пайдалануға кеңес береді;
- жұмыстың орындалу сапасын қадағалайды, қажет болған жағдайда оны қайта қарап өңдеуге қайтарады;
- бекітілген мерзімге сәйкес аяқталған жұмысқа жазбаша пікір береді және дипломдық жұмысты қорғауға жібереді;
- дипломдық жұмысты кафедра отырысында алдын ала талқылауға және оны мемлекеттік аттестациялау комиссиясында (МАК) қорғау кезінде қатысады.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

Дипломдық жұмысқа кім жетекшілік ете алады?

Жетекшінің қызметі қандай?

№4 дәріс

1.Тақырыбы: Дипломдық жұмысты орындаудың әдіснамалық негіздері.

2. Мақсаты: Студенттерге дипломдық жұмысты орындаудың әдіснамалық негіздерін түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

- Дипломдық жұмысты орындаудың әдіснамалық негіздері.

Әдістемелік негіз-Бұл дипломдық жұмыс бағыты бойынша қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешу үшін қажетті әдістер жиынтығы. Диссертациядағы зерттеу әдістері ДРК-ны енгізуде көрсетілген.

Зерттеу әдістері 2 негізгі категорияға бөлінеді: теориялық және практикалық. Егер диссертацияның тақырыбы өте күрделі болса немесе ғылыми мамандықтардың тоғысында болса, авторға зерттеудің теориялық және практикалық әдістерін біріктіруге рұқсат етіледі. Қойылған мақсатқа сәйкес шешім табудың бұл тәсілі студенттің дипломдық жұмысты жазуға жақсы дайындығын көрсетеді және дипломға деген беделін автоматты түрде арттырады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 7 беті

Зерттеудің теориялық әдістемесі шартты түрде 2 Үлкен категорияға бөлінеді: жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер. Өз кезегінде, санаттардың әрқайсысы қосымша компоненттерге бөлінеді, олардың кейбіреулері төменде келтірілген.

Жалпы ғылыми әдістер

Жалпы ғылыми әдістер проблеманы зерттеудің әмбебап (жалпы қабылданған) әдістерін ұсынады, сондықтан оларды ғылымның кез-келген саласында оңай қолдануға болады.

Үздік 7 жалпы ғылыми әдіс.

Талдау. Зерттеу пәні оның жеке компоненттері негізінде зерттеледі. Автор мәселені өзара байланысты жеке сипаттамалар жүйесі түрінде ұсынуы керек және олардың әрқайсысын кезекпен талдауы керек.

Синтез. Талдауға кері тәуелділік. Бұл әдісті дұрыс пайдалану үшін жеке элементтердің қоршаған заттармен/құбылыстармен байланысын орнату керек.

Индукция. Зерттелетін Жүйенің қасиеттерін талдау үшін осы жүйенің әрбір жеке элементінің егжей-тегжейлі сипаттамаларын зерттеу қажет. Бұл әдіс "жеке қасиеттерден жалпы қорытындыға қозғалыс" деп аталады.

Абстракция. ДРК авторының міндеті зерттелетін пәннің бір немесе бірнеше нақты қасиеттерін оның қалған сипаттамаларына сілтеме жасамай зерттеу болып табылады. Бұл әдіс гуманитарлық мамандықтар бойынша тезистерде кең таралған (мысалы, философия, педагогика, психология және т.б.).

Аналогия. Мұнда зерттелетін бірнеше объектілердің ортақ белгілері анықталады, содан кейін оларды салыстырмалы бағалау жүргізіледі. Әдісті тек басқа әдістермен бірге қолдану ұсынылады. Көбінесе аналогия зерттеу тақырыбының сипаттамаларын тікелей зерттеу мүмкін болмаған жағдайларда қолданылады (мысалы, астрономияда).

Жіктеу. Зерттеу объектісінің қасиеттері, белгілері, сипаттамалары белгілі бір принциптер бойынша таңдалады және сұрыпталады: объектінің физикалық қасиеттері (өлшемдері, өлшемі, көлемі), өндіріс материалы (Ағаш, металл, пластик, керамика), жанрлар (бейнелеу өнері, музыка, мүсін) және т. б.

Модельдеу. Бұл жағдайда зерттеу объектісінің сипаттамалары жасанды түрде жасалған модельге ауыстырылады. Бұл проблемалық жағдайлардың нәтижесін болжау, машина жасау және құрылыс саласындағы инновациялық технологияларды әзірлеу кезінде табиғи жағдайда қол жеткізілмеген нәтижелерді алу үшін қажет. Модельдеудің ең көп таралған түрлері: пәндік (мұнда объектінің жекелеген бөліктерінің сипаттамалары шығарылады), символдық (формуларды, сызбаларды, схемаларды және т.б. пайдалану процесінде қолданылады).

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

Зерттеу әдістері қандай негізгі категорияға бөлінеді?

Зерттеудің теориялық әдістемесі.

№5 дәріс

1.Тақырыбы: Дипломдық жұмыс құрылымына қойылатын талаптар.

2.Мақсаты: Студенттерді дипломдық жұмыс құрылымына қойылатын талаптармен таныстыру.

3.Дәріс тезистері:

- Диплом жұмыстың жазылу барысына қойылатын талаптар.
- Кез келген диплом жұмысы үшін міндетті болып табылатын құжаттар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 8 беті

Тағайындалған ғылыми жетекші диплом жұмысының жазылу барысында тікелей басшылық жасап және оның тұрақты түрде орындалуы мен дайындалуын бақылап отырады. Диплом жазушы студент ғылыми жетекшісіне диплом жұмысының орындалуы барысы туралы белгіленген уақыт аралығында есеп беріп отырады.

Ғылыми жетекші диплом жазушыға диплом жұмысының мазмұны бойынша және жұмысты сапалы орындау (оформление) туралы кеңес береді. Сондай - ақ кафедра отырысында диплом жұмысының жазылу барысы туралы кафедра мүшелері алдында ақпарат беріп отыруы тиіс. Диплом жұмысы мазмұнының негізгі болып, тандалынып алынған тақырыпты зерттеу бойынша сұрақтарды оқып білудің нәтижесі саналынады. Жалпы материалдар қысқаша баяндалып жақсы редакцияланған және жеңіл оқылатындай болуы қажет. Сөздердің және атаулардың қысқартылуына жол берілмейді.

Кез келген диплом жұмысы үшін міндетті болып табылатын құжаттар, регистрлер және диаграммалар қосымшада көрсету қажет. Жұмыстың мәтінінде қажет жағдайда олардың бөліктері көрсетілуі мүмкін. Сандық мәліметтер кесте арқылы көрініс табуы керек.

Кіріспе бөлімі:

Кіріспеде тақырыпты таңдауы, оның ғылыми және тәжірибе жағынан көкейтестісі, диплом жұмысының мақсаттары және міндеттері, зерттеудің пәні, ақпарат көздері дәлелденеді. Осында қазіргі жағдайдағы бухгалтерлік есеп және аудиттің мәні көрсетіледі (3-5 бет). Диплом жұмысының бірінші бөлімі зерттелінетін тақырыптың теориялық және ғылыми негіздерінің қазіргі жағдайы ашып көрсетіледі.

Диплом жұмысының тақырыбын теориялық дәлелдеуді төмендегідей бағытта ашу ұсынылады - Бірінші бөлімі: Зерттелетін тақырыптың қазіргі жағдайы. Белгілі бір белгілері бойынша зерттелетін тақырыптар классификациясы.

Таңдалған тақырыпты талдау және зерделеу кезінде қолданылатын бағалау көрсеткіштері. Зерттелетін проблемалар бойынша әлемдік тәжірибеде жинақталған прогрессивті тәжірибелер.

Екінші бөлім:

Екінші (аналитической) бөлімде адыңғы талдау әдістемесі бөліміндегі дәлелдеме негізінде зерттеу әдістемесіне тән проблема жағдайы зерттеледі (банкке, кәсіпорынға, зейнетақы қорына және т.б.). Талдау үшін материалдар болып өндірістік және диплом алдындағы әс-тәжірибені өту уақытында студент-диплом жазушымен зерделенген жұмыс жоспары, жылдық есеп, статистикалық есеп және басқа да қызметтік ақпарат табылады. Дәлелдеу және талдау үшін қызмет атқаратын, материалдар шынайы және толық болуы керек, себебі соған сүйене отырып істің жағдайын талдауға, резервтерді ашу және олардың қолданылуының жолдарын көрсетуге, сонымен қатар жұмыстағы ашылған кемшіліктерді жоюға болады. Жұмыс процесінде қолданылатын мәліметтерді ғана таңдап алып, қажетсіздерін алып тастау керек. болады. Жиналған материалдар көлемі және сипаты қабылданған зерттеу әдістемесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Диплом жұмысын безендендіру:

Диплом жұмысы №1-05/516 29.12.2002 ж. Іске енгізілген және бекітілген СТП-СК-03-02 сәйкес рәсімделу қажет: Диплом жұмысына: титулдық бет (МАК хатшысымен беріледі); жұмысты орындауға тапсырма (МАК хатшысымен беріледі); қазақ, шетел, орыс тілдеріндегі андатпа; мазмұны; шартты белгілердің тізімі; кіріспе; үш бөлімнен тұратын негізгі бөлім; қорытынды; қолданылған әдебиеттер тізімі; қосымшалар кіреді.

4. Көрнекті материалдар: 15-20 слайд.

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Дипломдық жұмыстың жазылу барысына қойылатын талаптар?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 9 беті

- Кіріспе бөліміне қандай талаптар қойылады?

№6 дәріс

1.Тақырыбы: Дипломдық жұмыстың негізгі бөлігінің мазмұны.

2.Мақсаты: Студенттерге дипломдық жұмыстың негізгі бөлігінің мазмұнын түсіндіру.

3.Дәріс тезистері:

- Жұмыстың негізгі бөлігінде қаралатын сұрақтар.
- Негізгі бөлімнің мазмұны мен ерекшелігі.

Дипломдық жұмыс (жоба) өзінің мазмұны бойынша нақтылы мамандығы бойынша бітіру курсының студентінің дербес дайындаған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Жұмыстың негізгі бөлігінде қаралатын сұрақтар проблеманың мәнін, қазіргі жағдайлардағы оның маңызын, сондай-ақ шешімнің бағыттарын жолдарын, әдістерін ашуға жағдай жасайтын қисындық дәйектілікпен құрылуы тиіс. Сонымен бірге, жұмыстың мазмұндық бөлімі автордың ғылыми әдебиетпен жұмыс істей алатындығын көрсетуін, материалды қорытындылай білуін, оның мәнін түсінуін, пікір-талас жүргізе білуін және проблемалық мәселелер бойынша өзінің көзқарасын тұжырымдай білуін көрсетуі тиіс.

Бірінші тарау дипломдық жұмыс тақырыбының теориялық аспектіні құрайды. Онда зерттеу құбылысының экономикалық мазмұны (түсінік, категория), қаржы құралдары, әдістері мен зерттеу моделдері ашылуы тиіс. Осы тарауда таңдалған дипломдық жұмыстың тақырыбының проблемалық мәселелері және зерттеу объектісінің әлемдік практикасы қойылуы мүмкін.

Ұсынылатын көлемі – 7 бет.

Екінші тарау Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайларындағы қызмет ету практикасын бейнелеп көрсетеді.

Жұмыста зерттеу объектінің сипаттамасы беріледі: жалпы мәліметтер, қаржылық жағдай, субъектінің қаржылық қызмет етуінің нәтижелілігінің деңгейіне сипаттама беріледі. Оларға практикалық талдау жүргізіледі, мүмкін болатын тиімді немесе қалыпты жағдайдан ауытқудың факторлары мен себептері анықталады. Талдау біршама жекелеген көрсеткіштер, үдерістер, ұйымдастыру жүйесінің механизмі, жүргізілу тәртібі, тұтас бүкіл объекті жөнінде жүргізіле алады. Талдау нәтижелерінің негіздемесі нақты мәліметтерге, бухгалтерлік және статистикалық есеп берудің сандық көрсеткіштеріне, қаржы жоспарларына, болжаулар мен есептерге түсініктеме қолхаттарына сілтемемен қосарлана жүргізіледі.

Мазмұндамалы бөлім, сонымен қатар автордың іскерлігін дәлелдеушіліктің әдістері мен дәлелдеме тәсілдерін игере алатынын көрсетуі тиіс. Дипломдық жұмыс үшін нақтылы шаруашылық жүргізуші субъектінің практикалық материалын міндетті пайдаланылуы тиіс. Жұмыста мерзімді басылымда жарияланған статистикалық жинақтардан немесе жиналған және жүйеленген сандық материал пайдалануы мүмкін. Алайда, кестелік, графикалық және басқа нысанда берілген сандық материал талданылуы тиіс. Дипломдық жұмыстардың кең тараған қатесі сандық материалды талдаусыз және түсініктемесіз беру. Сандық материалдарды жай ғана көрсету маңызды емес, оны қандай да бір жұмыстың ережелерін немесе автордың тұжырымын дәлелдеу үшін пайдалануға, сандардан қарастырылатын проблеманың дәлелді-тергеу байланыстарын орнатуға және құбылыстың мәнін көруге болады. Келтірілген сандық материалға түсініктеменің болуы міндетті талаптар болып табылады.

Сандық материал талдамалық кестелерге саяды, ол 3-5 жылдағы мысалмен, құрылымды және динамиканы дәлелдейтін графиктер мен диаграммалар түрінде келтірілуі мүмкін.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 10 беті

Жекелеген қағидалар мен түйіндерді мысалмен түсіндіру үшін көрсеткіштер жұмыстың мәтінінде, сондай-ақ қосышылар да келтіріледі. Негізгі мәтіндегі кестелер шектен тыс үлкен болмауы тиіс. Неғұрлым көлемді сандық материалдар, әсіресе қолайсыз кестелердегі материалдар қосымшаға шығарылуы тиіс.

Үшінші тарау жиынтықтау сипатта болады. Мұнда, студент дипломдық жұмыстың (жоба) мәселелерінің дамуын практикадағы оның пәрменділігін көрсетуіне болады. Зерттеу объектісі дамуының тиімділігін көрсеттетін нақты есеп-қисаптар ұсынылуы мүмкін. Үшінші тарауда, зерттеліп отырған оқиғаның жұмыс істеу проблемалары зерделеніп, оның даму перспективалары, жетілдіру бойынша ұсыныстар міндетті болады, бұл ретте олардың дәлелді болуы, есептеулермен бекітілуі тиіс. Ұсынылатын көлемі – 7 бет.

Әр тараудың соңында автормен берілген тарау бойынша негізгі нәтижелер көрсетілуі тиіс. Ұсынылатын көлемі – 16 бет.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Дипломдық жұмыстың 3-тарауы қандай сипатта болады?
- Әр тараудың ерекшелігі қандай?

№7 дәріс

1. Тақырыбы: Ғылыми ақпаратты іздеу.

2. Мақсаты: Студенттерді ғылыми ақпараттармен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

- Ғылыми мәліметтерді іздеу.
- Ақпараттар көзі.

Ақпаратты іздеу(ағыл. «Information retrieval») Алғаш “Ақпараттық іздеу” терминін 1948 жылы Кельвин Муэрс өзінің докторлық диссертациясына енгізген.1950 жылдан бері жарияланып,әдеби шығармаларда қолдануда. Алғаш ақпаратты іздеу автоматтандырылған жүйесі тек ғылыми ақпаратты іздеу мен әдебиеттерді іздеу үшін ғана қолданған.

Ақпаратты іздеу жүйесін көптеген университеттер мен кітапханалар кітаптар мен журнал,басқа да құжаттармен қамтамасыз ету үшін қолданды.

Кейінірек Интернет желісінің пайда болуымен “Ақпаратты іздеу жүйесі” кеңірек танылды. Алғаш ақпараттық іздеу системасы тек қана ғылыми зерттеу мен әдебиеттерді іздеуге қолданды. Кейіннен көптеген университеттер кітапханаларда газет журналдарға және басқа да документтерді іздеуге де қолданылды. Қазіргі таңда көптеген желілерде пайдаланылады. Мысалы, Google, Mail.ru, Яндекс.

Ақпаратты іздеу 4 этаптан тұрады:

Ақпараттық қажеттілікті анықтау

Ақпарат көздерін іздеу

Алынған ақпарат көздерін көшіру

Алынған ақпараттармен танысу,іздеу нәтижесін бағалау.

Ақпараттық жүйелерді жасау және оларды қолдану ғылым мен техниканың жетістіктерін көпшілікке жеткізу үшін өте қажет. Ғылыми ақпарат көздері ретінде әдебиеттер, мерзімді басылымдар, кітапхана қорлары, байланыс құралдары т.б.жатады. Ақпараттық өнімдерді жинақтау, олардың базасын жасау қағазсыз информатикаға көшумен байланысты.

Ақпараттар қорын библиографиялық және фактографиялық деп екіге бөледі. Библиографиялық қор жарияланған еңбектер туралы ақпараттарды жинайды. Ал фактографиялық қорда осы жарияланған еңбектердің өздері сақталады. Ақпараттық қорлар

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 11 беті

салалық, политақырыптық, құжаттардың түрлеріне байланысты – патент, диссертация т.б. болуы мүмкін. Мұндай қорлар әр саладығы ғылыми зерттеу институтарында, ақпараттық органдарда жасалады.

Ақпараттық жүйелерді жасау және оларды қолдану ғылым мен техниканың жетістіктерін көпшілікке жеткізу үшін өте қажет. Ғылыми ақпарат көздері ретінде әдебиеттер, мерзімді басылымдар, кітапхана қорлары, ЭЕМ, байланыс құралдары т.б. жатады. Ақпараттық өнімдерді жинақтау, олардың базасын жасау қағазсыз информатикаға көшумен байланысты.

ЭЕМ қолдану ақпараттардың көп мөлшерін сақтау, оларды дер кезінде тұтынушыға жеткізуді қамтамасыз етті.

Ақпараттар қорын библиографиялық және фактографиялық деп екіге бөледі. Библиографиялық қор жарияланған еңбектер туралы ақпараттарды жинайды. Ал фактографиялық қорда осы жарияланған еңбектердің өздері сақталады. Ақпараттық қорлар салалық, политақырыптық, құжаттардың түрлеріне байланысты – патент, диссертация т.б. болуы мүмкін. Мұндай қорлар әр саладығы ғылыми зерттеу институтарында, ақпараттық органдарда жасалады.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Ақпаратты іздеу қанша этаптан тұрады?
- Ақпаратты іздеу жолдары.

№ 8 дәріс

1. Тақырыбы: Ғылыми ақпаратты сыни талдау.

2. Мақсаты: Студенттерді ғылыми ақпаратты сыни талдаумен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

- Сыни талдау.
- Сыни талдау кезеңдері.

Сыни талдау - бұл "сырттан" жұмысты бағалау. Әдетте, бұл талдау сарапшының жазған пікірінде көрінеді. Сыни тұрғыдан талдау әдісі ғылыми жұмыстың күшті және әлсіз жақтарын, сапасын, сауаттылығын автордың іс-әрекеттерінің реттілігін анықтауға мүмкіндік береді. Берілген жұмысты сыни тұрғыдан талдау оның ғылыми ортадағы орнын, іс жүзінде автордың кәсібилік деңгейін, тақырыптың толық ашылуын және оған ену дәрежесін және т. б. анықтауға мүмкіндік береді. Егер студент өз жұмысын өз бетінше бағалай алатын болса, онда ол кемшіліктерді анықтап, оларды қорғауға дейін немесе жетекшіге тексеруге тапсырғанға дейін жоя алады.

Іс жүзінде ғылыми мәтінге сыни талдау жүргізудің келесідей кезеңдері бар:

Дәлдік. Ғылыми жұмыс шарттардың қатаң сақталуын талап етеді.

Сенімділік. Сенімді ақпарат негізделген және дәлелденген шынайы білім болып табылады Ғылымилығы. Бұл принцип объективті байланыстар мен шындық заңдылықтарын шынайы білуді қамтиды

Объективтілік. Ғылыми ақпарат адамның санасына, оның пікірлері мен пікірлеріне байланысты болмауы керек

Толықтық. Түсіну үшін ғылыми ақпарат жеткілікті түрде толық болуы керек

Өзектілігі. Ғылыми ақпараттың қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігі

Пайдалылығы. Ақпараттың құндылығы мен пайдалылығы оның көмегімен қандай міндеттерді шешуге болатынына байланысты.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()
Дәріс кешені	20 беттің 12 беті

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер:

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Студент өз жұмысын сыни талдай алады ма?
- Сыни талдаудың қандай кезеңдері бар?

№ 9 дәріс

1. Тақырыбы: Нақты материалдың жинақталуы.

2. Мақсаты: Студенттерге нақты материалдың жинақталуын түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

- Ақпараттық жүйелер.
- Халықты ақпаратпен қамтамасыз ету үшін ақпараттық жүйені жасау, қолдану және өңдеу.
- Ақпаратты пайдаланушылар.
- Әр тұтынушының ақпараттық жүйеге, өз сұранысы бар. Жәнеде оның талабы жеке адамдық пікір. Бірақта рационалдық түсінік бойынша ақпараттық жүйені пайдаланушы тұтынушылар келесі топтарға бөлінеді:
 1. Ғылыми зерттеуді өткізумен байланысты;
 2. Жаңа техниканы жасау мен өңдеумен байланысты;
 3. Басқару шешімін қабылдаумен байланысты;
 4. Жаңа техниканы жасаумен байланысты.

Ақпаратты беру тәсіліне байланысты құжаттар:

- тексттік (кітаптар, журналдар, есептер және басқалар);
- графикалық (сызбалар, схемалар, диаграммалар);
- аудиовизуальдық (дыбысжазу, кино, және бейнефильмдер);
- машинаоқитын (мысалы, анықтама базасын құрайды);
- бастапқы (ғылыми зерттеудің тікелей нәтижесін алушы);
- қосымша (аналитикалық – синтетикалық және логикалық өңдеуден тұратын).

Библиографиялық көрсеткіш-нұсқаулық және журналдық типтегі баспаға жатады. Библиографиялық суреттеудің орналасу жүйесіне байланысты көрсеткіштер системалық және пәндік болып бөлінеді.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

Нақты материалдар қалай жинақталады?

Ақпараттық жүйелерді атаңыз.

№10 дәріс

1. Тақырыбы: Нақты материалды өңдеу.

2. Мақсаты: Студенттерге нақты материалды өңдеудің маңызы жайында түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

- Эксперимент нәтижелерін статистикалық әдістермен өңдеу.
- Эксперимент нәтижелерін графикалық әдістермен өңдеу.
- Экспериментті жобалау теориясы.

Негізі ғылым болып табылатын ғылыми зерттеудің маңызды құрама бөлігі болып эксперимент (көбіне биологиялық, қоғамдық, педагогикалық және психологиялық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 13 беті

ғылымдарда қолданады) табылады. Түрлендіруші эксперимент зерттелетін үлгінің функциясы мен структурасына белсенді өзгертеді. Зерттеуші үлгінің дамуына сәйкес жасырын тенденцияға сәйкес алдын – ала сәйкес болатын шарт қояды. Эксперимент процесі кезінде затқа әсер ету мен оның нәтижесі арасындағы байланыс орнатылады.

Теорияның математикалық теориясы зерттеу жүргізудің үйлесімді шартын анықтайды. Эксперименттің математикалық теориясы зерттеу жүргізудің үйлесімді шартын анықтайды және ол шарт зерттелетін заттың физикалық табиғатын толық анықтамағанда да анықталады. Ол үшін тәжірибені дайындағанда және өткізгенде математикалық әдіс қолданады. Аталған әдіс эксперименттің өтуінің жоғарғы эффективтілігін және зерттелетін факторлардың анықтамасының дәлдігін анықтайды. Сонымен қатар құбылыстың механизімін толық білмегенде экспериментті басқаруға мүмкіндік береді.

Эксперименттер алдын-ала келісілген алгоритммен аздаған сериямен өткізіледі. Әр сериадан кейін нәтижелерді өңдей және одан ары не істеу керек екендігі шешіледі.

Математикалық жоспарлау әдісін пайдаланғанда: қиын процесстерді шешумен байланысты әр – түрлі сұрақтарды шешу, эксперименттің жоғары сапамен өтуін қадағалау шешіледі.

Әрбір эксперимент алдында оның жоспары жасалады, оған эксперименттің мақсаты, есептері, өзгеретін факторлар, оның көлемін негіздеу, тәжірибелердің саны, факторларды өзгерту тәртібі, зерттеу құралдары, т.б. кіреді. Эксперименттің математикалық теориясын қолдану жоспарлау кезінде оның көлемін оңтайландыруды болдырады, оның дәлдігін арттырады. Өлшеу құралдарын дәл таңдап алу да өте маңызды, ол үшін өлшеу аппараттарын жете білу қажет. Кейбір жағдайларда сирек кездесетін приборларды жасау қажет.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Эксперимент нәтижелерін графикалық әдістермен қалай өңдейді?
- Экспериментті жобалау теориясы.

№11 дәріс

1. Тақырыбы: Тұжырымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау.

2. Мақсаты: Студенттерге тұжырымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау жайында түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

- Тұжырымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау.
- Диплом жұмысының мақсатын тұжырымдау.

Кіріспе мен қорытынды – бұл диплом жұмысының ең маңызды тараулары, өйткені осы тарауларды оқыған кезде жазылған жұмыстың сапасы туралы алғашқы ой-пікір қалыптасады.

Диплом жұмысының мақсатын тұжырымдау мәселені талдап, экономикалық құбылыстардың арасындағы заңдылықтарды табуға бағытталуы керек. Әдетте диплом жұмысының мақсаты екі бөлімнен тұрады: біріншісі – «зерттеу» деген сөзбен басталады (зерттеу мәселесі), ал екіншісі – осы мәселені шешетін ұсыныстарды әзірлеу. (немесе оның даму болашағы) Мысалы: диплом жұмысының тақырыбы «Кәсіпорында тәуекелді басқару Диплом жұмысының міндеттері мақсатына байланысты анықталады. Онда төмендегідей сөздер қолданылады: талдау, әзірлеу, жалпылау, дәлелдеу, ендіру, зерттеу, анықтау, көрсету, сипаттау, жүйелеп баяндау, ұсыныстар ұсыну, болжамдар жасау, өзара байланысын анықтау, болашақтағы дамуын айқындау. Міндеттерді анық тұжырымдау

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 14 беті

маңызды, өйткені міндеттердің мазмұны, тізімі және олардың орындалуына байланысты диплом жұмысының құрылымы анықталып, сәйкес тараулардың атаулары белгіленеді. Жұмыс тақырыбы бойынша қолданылған зерттеу әдістерін ашуды қысқаша түрде мазмұндау талап етіледі. Бұл жерде автордың жеке зерттеуі бойынша қорытындысы, ұсыныстары, жасалған әдістерді көрсету өте маңызды. Диплом жұмысының ғылыми жаңалығы негізінен жеке түсініктерді, экономикалық процестердің негізгі бөліктерін анықтау және автордың зерттеу мәселесі бойынша жұмсаған еңбегімен сипатталады. Диплом жұмыстың негізгі тарауда орындалған жұмыстың мәні, мазмұны, әдістемесі және негізгі нәтижелері бойынша мәліметтер келтіріледі. Диплом жұмысының негізгі тарауы бөлім мен бөлімшеге бөлінеді. Жұмыста жүйелеу мен қисынды жазу талаптарын қатаң сақтау негізінде үшінші тараудың мазмұны бірінші және екінші тараулардың негізгі тұжырымдарын, ал екінші тарау – бірінші тарауда жасалған теориялық-әдістемелік сипаттағы қорытындыларды қамтуы тиіс. Жұмыстың бірінші тарауы теориялық сипатта болады. Ол зерттеу тақырыбын ғылыми-теориялық және методологиялық тұрғыдан, ғылыми әдебиеттерді және ресми мәліметтерді (нормативтік-құқықтық құжаттарды, статистикалық ақпаратты, ағымдық басылымдарды) сынға ала отырып талдау, сонымен бірге зерттеу тақырыбындағы әр түрлі көзқарастарды жалпылау негізінде жазылуы тиіс. Жұмыста шетелдік тәжірибе қарастырылуы керек. Бұл тарауда зерттелетін үрдістің мәнін, мазмұнын, ұйымдастырылуын және оның құрамдастарын терең зерттеп, оны салыстырмалы талдау арқылы негіздеп, өз ұсынымын көрсету қажет. Осы бөлімде диплом жұмысының келесідей бағыттағы теориялық негіздемелері, зерттеу тақырыбының экономикалық мәні және қазіргі жағдайы, салыстырмалы талдау және өз пікірін айта білу мәнерін ашу беріледі.

4.Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5.Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз.

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Тұжырымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау.
- Диплом жұмысының мақсатын тұжырымдау.

№12 дәріс

1.Тақырыбы: Дипломдық жұмысты, жобаны орындау процесін басқару.

2. Мақсаты: Студенттерге дипломдық жұмысты, жобаны орындау процесі жайында түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

- Дипломдық жұмысты орындау процесі.
- Дипломды жұмысты орындау реті.

I.1. Диплом жұмысының тақырыбы бойынша талаптар: Тақырып таңдау, дайындық жұмысы, әдебиеттер жинау мен оны тізімге түсіру, зерттеу проблемасы жөніндегі ғылыми еңбектерді, мақалаларды оқу, тілдік деректерді жинау мен жүйеге келтіру, мәтін жазу, оны және ашық қорғаудың нәтижелерін рәсімдеу.

I.2. Дипломдық жұмыстардың тақырыптары маман даярлап шығарушы кафедрада белгіленіп, институт әдістемелік кеңесіне ұсынылады. Тақырыптар көкейкестілігімен ерекшеленуге тиіс, сондай-ақ қазіргі мектеп бағдарламаларымен, лингвистикалық ғылымның даму преспективаларымен ұштасып жатуы керек. Дипломдық жұмыстың тақырыбы кең түрдегі жоспары жиналған тілдік материалдарға талдау жасау мен оларды ерекшеліктеріне қарай жүйеленуде анықталады. Тақырып тізімі оқу жылының басында студенттерге ұсынылады. Тақырып таңдау студенттің еркіне беріледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 15 беті

I.3. Дипломдық жұмыстың дұрыс орындалуы студенттің жоғары теориялық дайындығы мен аналитикалық бейімділігіне, тақырыпты зерттеуге деген ынталығына байланысты болады. Егер тақырып мәселесі бұрыннан айналысып жүрген зерттеу жұмысымен сабақтасып жататын болса, онда студент дипломдық жұмыстың сипатын біледі, теориялық дайындығы күмән тудырмайды.

I.4. Таңдалынған тақырып студенттің жеке өтінішімен кафедрада қаралып, кафедраның ұсынуы бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі. Өтініште дипломдық жұмыстың тықырыбы, орындаушы мен ғылыми жетекшінің аты-жөні көрсетіледі.

Алдын ала кеңес беруде ғылыми жетекші бітіруші студентке жұмыстың мақсаты мен міндеті, материалдың сипаты мен көлемін, оның көздерін түсіндіреді, мәселе жөніндегі жалпы әдебиеттердің тізімін ұсынады. Жұмыстың орындалу кезеңдері мен бітіру мерзімін белгілейді.

I.5. Ғылыми жетекшіден тапсырма алған соң студент алдын ала жоспарды жасайды. Бұл оның жұмыстың жалпы сипаты мен бағыт-бағдарын аңғаруына мүмкіндік береді.

I.6. Тақырыпты терең игеру үшін студентке ең алдымен лингвисткаға немесе әдебиетке байланысты энциклопедиялық еңбектер ұсынылады. Бұл зерттеудің әдістанымдық негіздерін дұрыс тануға ықпал етеді.

I.7. Деректемелік материалдарды сипаттау үшін ғылыми болжам жасалады. Ғылыми болжам бағдарланушы ғылыми идея. Ғылыми болжам ғылыми ізденіске бағыт береді, материалдың көлемі мен сипатын, оны талдау мен жазудың әдістерін анықтауға, тақырып бойынша әдебиеттерді іріктеуге ықпал етеді. Ғылыми болжам арқылы дипломдық жұмыстың негізгі мәселелеріне жорамалды жауап та беріледі. Ғылыми болжам зерттеу нысанының табиғатын жан жақты ашуға мүмкіндік жасайды. Мәселен, зерттеліп отырған тілдік құбылыстың лингвистикаға белгісіз қырлары анықталуы ықтимал.

I.8. Дипломдық жұмысты дайындауда библиографиялық сілтемелерді дұрыс жасай білудің де маңызы зор. Өйткені алған мәлімет көздеріне сілтеме жасау ғылыми дәлдік пен әдепті танытады. Сілтеменің қалыптасқан дәстүрлі үш түрі бар: ішкі мәтіндік, жолма жол, мәтіннен тыс. Ішкі мәтіндік сілтеме мәтін ішінде беріледі, жолма жол сілтеме парақтың төменгі жағында көрсетілсе, мәтіннен тыс сілтеме жұмыстың соңынан беріледі.

Ішкі мәтіндік сілтеме маңызы зор мәліметтер көздеріне жасалады. Мұндай сілтеме сөйлем құрылысына кіреді. Автордың аты жөні мен басқа да деректер көрсетіледі.

Сілтеменің бір бөлігі ғана сөйлем құрылысына кірсе, қалған мәліметтер сөйлемнің соңында жақша ішінде көрсетіледі.

Егер сілтеме сөйлем құрылысына кірмесе, онда библиографиялық жазу ережесіне сәйкес сөйлемнің соңына жақша ішінде көрсетіледі.

Жолма жол сілтеменің нөмірі дәйек сөздің, немесе ішінде, автордың аты жөні бар сөйлемнің, мағына ыңғайына қарай, ортасына немесе соңына қойылады. Сол нөмір және сілтеменің толық мәліметі парақтың төменгі жағында көрсетіледі.

Мәтіннен тыс сілтеме пайдаланылған әдебиеттер саны көп болғанда қолданылады. Мұндайда сөйлем соңындағы жақша ішінде еңбектің әдебиетердің тізіміндегі реттік нөмірі қойылып, үтірден соң алынған бет саны көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімінде нөмірі жоқ болса, сілтемеде автордың аты-жөні мен еңбектің шыққан жылы көрсетіледі.

Бір еңбекке бірнеше рет жолма жол сілтеме жасалғанда, автор және басқа мәліметтер толық формада қайталанып берілмейді.

Сілтеме жасау тәртібі төменгідей:

I. Сонда – 18 б.

II. Сонда – 21 б. Т.б

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 16 беті

I.9. Дерек көздерін жүйелеуде белгілі бір тәртіп болуы керек. Мәліметтің тым үлкен көлемде болуы, бір жағынан, уақытты кедергі келтіреді, екіншіден, тақырыптың бағдарын өзгерту мүмкін, үшіншіден, мақсатқа сай толық пайданылмай қалуы ықтимал. Мұндайды болдырмау үшін, тақырыптың мақсаты мен міндетіне үнемі назар аударып отырған дұрыс.

I.10. негізгі дерек көздерімен жұмыс істеуде төменгідей жазылым түрлерін пайдаланған жөн:

а) Тезис – автордың оқыған материалы туралы қысқаша ой – пікірі;

ә) Көшірме – сөзбе сөз алынған дәйек сөз немесе жекеленген парақтардағы мәліметтер және дерек көздері көрсетілген карточкалар;

б) Конспект – оқылған материалдың көлемі тезистен үлкенірек қысқаша мазмұны.

I.11. Тілдік материалды (мысалды) жинау жан-жақты, терең теориялық білімді керек етеді. Мәселен, күрделі етістіктерді басқа тілдік құбылыстардың ішінен іріктеп алу үшін, оның өзіндік айырым-белгілерін, өзіне ұқсас тілдік құбылыстардан ерекшелігін жақсы болу шарт. Теориялық білімнің кемшілігі зертеу нысанын дәл тануға кері әсер етеді.

12. Диплом жұмысының мазмұн жүйесі нақты материалдарды жүйелеуден туындайды. Әрбір тараудың тақырыптары мен тақырыпшалары да соған байланысты анықталады.

Мысалы: I тарау. М.Жұмабаев шығармаларындағы сөзжасамдық құбылыс.

I. Синтетикалық тәсілімен жасалған ТТЗ;

I.a. Екі морфемалы ТТЗ;

I.ә. Үш морфемалы ТТЗ;

Демек, тақырып пен тақырыпшаларды санмен белгілеудің де өз тәртібі болады. Мысалы:

I.I.; I.I.a., I.I.ә.; II, II. 2; II. 2. a;

I. 13. Дипломдық жұмыстың дәстүрлі құрылымы: алғы бет (титульный лист), кіріспе, зерттеу бөлімдері (I 2 – 3 тарау), қорытынды, әдебиеттер тізімі, қосымша (егер қажет болса), мазмұны. Кіріспе мен қорытынды жұмыстың 1/5 – тен 1/4 – ке дейінгі бөлігін қамту керек. Мәселен, жұмыстың жалпы көлемі 50 бет болса, зерттеу бөлімі шамамен 36-40 бет болу керек.

4.Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5.Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз.

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Дипломдық жұмысты орындау реті қандай?
- Дипломдық жұмысты орындау процесі қалай жүзеге асады?

№13 дәріс

1.Тақырыбы: Дипломдық жұмысты қорғауға дайындау.

2. Мақсаты: Студенттерге дипломдық жұмысты қорғауға дайындау туралы түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

- Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі.

- Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау кезеңдері.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларында айқындалады. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау мемлекеттік аттестаттау комиссиясының ашық отырысында оның мүшелерінің кемінде жартысының қатысуымен өткізіледі.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ғылыми жетекшінің, сондай-ақ бітіртуші кафедраның студенттері мен оқытушыларының міндетті түрде қатысуымен көпшілік

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 17 беті

түрінде ұйымдастырылады. Қорғауға дипломдық зерттеу жүргізілген ұйымның өкілдері және басқа да мүдделі тұлғалар шақырылуы мүмкін.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау кезеңдері:

1. Студенттің баяндамамен сөйлеуі-10 минуттан аспайды;
2. Дипломдық жұмысты (жобаны) талқылау, комиссия мен қатысушылардың сұрақтарына жауаптар;
3. Ғылыми жетекші пікір мен рецензияны оқиды;
4. Рецензенттің ескертулеріне студенттің дәлелді түсіндірмелері;
5. Баға қою және хаттаманы толтыру

Бір дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ұзақтығы, әдетте, бір студентке 30 минуттан аспауы тиіс. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау үшін студент мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында баяндама жасайды және 10 минуттан аспайды.

Дипломдық жұмысты (жобаны) талқылауға сұрақтар немесе сөз сөйлеу нысанында барлық қатысушылар қатыса алады.

Талқылаудан кейін ғылыми жетекші пікір мен рецензияны оқиды. Пікірде және/немесе рецензияда ескертулер болған жағдайда студент олардың мәні бойынша дәлелді түсініктеме беруі тиіс.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша балдық - рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қойылады. Бұл ретте теориялық, ғылыми және практикалық даярлық деңгейі, ғылыми жетекшінің пікірі және рецензенттің бағасы назарға алынады. Студент ГАК-қа өзінің Ф12-МУ-01 сипаттамасын растайтын құжаттармен қоса ұсына алады. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы Ф13-МУ-01 сәйкес жан-жақты бағалауды ескере отырып, орташа көрсеткішті шығарады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері әрбір студент бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және ол өткізілген күні хабарланады.

4.Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5.Әдебиет:

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

Дипломдық жұмысты қорғау қандай кезеңдерден тұрады?

Дипломдық жұмысты қорғау тәртібі.

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Oñtüstik Qazaqstan medicina akademiasy» AQ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 18 беті

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»</p>
<p>«Мейіргер ісі-1» кафедрасы</p>		<p>№72/11 ()</p>
<p>Дәріс кешені</p>		<p>20 беттің 19 беті</p>

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Oñtüstik Qazaqstan medicina akademiasy» AQ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		20 беттің 20 беті